

**"Шиелі аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы №26/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 04 мамырдағы № 40/7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 маусымда № 5004 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 3/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 29.06.2016 № 3/5 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Шиелі аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 26/8 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4628 нөмірімен тіркелген, аудандық "Өскен-өңір" газетінің 2014 жылғы 5 сәуірдегі № 24 санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шиелі аудандық мәслихатының Регламентінде:

7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді."

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
П. Архабаев

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Ә. Оразбекұлы